

**әрбиеші:** Армысыңдар балалар, бармысыңдар!

Жазда келді жайнаған гүлді шыңдар

Алдыменен алайық амандастып,

Армысыңдар бәріңде бармысыңдар!

**Тәрбиеші:**

Баршамызды бала тілмен баурайтын

Бала деген бір бақыт қой самгайтын

Ата- ананың арманы мен тілегін

Бала емес пе бал бұлақтан жсалгайтын

Бүгінгі 1- маусым «Балалар күніне арналған» мерекелік  
ертеңгілігімізді бастайық.

**Тәрбиеші:** Ән айтайық қосылып

Сәбілердің бұл күні

Мақтап кетсін осы жұрт

Балалар деп улгілі

Жүргізуши : Балалар, бүгін бізге қонаққа бүкіл әлемге жарық жылу  
беретін күн келу керек еді. Бірақ күніміз қыын бір жағдайға ұшырап  
қалған сияқты. Жарық, жылу беретін күнге көмектесеміз бе? Қанекей  
қарайықшы. Күнді көріп тұрсыңдар ма?

-Күнге нелер кедергі болып тұр? Бұлтар күнді бізге қарай жібермей  
тұр. Күнді құтқару үшін бәріміз бірігіп сиқырлы сөздерді айтайық.

Көк аспанда күн күлсін

Бірге күлсін бұлдіршін

Көк аспанда күн күлсін

Жерге ұдайы нұр құйсын!

(Бұлтар еki жақа қарай ашилады, күн ортага шығады)

**Күн:**

Сәлем, гулім!

Сәлем , жерім!